

## Шыңғырлау ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күші жойған*

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 1 шешімі. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімінің 2023 жылғы 2023 жылғы 10 қазандағы № 9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімінің 10.10.2023 № 9 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес, ШЕШТІМ:

1. Шыңғырлау ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып Шыңғырлау ауданы әкімінің орынбасары Д.Е.Абдрашитов тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Шыңғырлау ауданының әкімі*

*Ә. Мұханбетжанова*